



№95
(2370)
Сенбі
29 қараша
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘЖІЛІСТЕ БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛЫП, ЖАУАПТЫЛАРҒА НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Аудан әкімі Алмас-бек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте трансшекаралық хабарды дамыту мен қалдықтарды қайта өңдеу және аудандағы кәсіпкерлік саласын дамыту мен басқа да күн тәртібінен бөлек бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транзиттік автодәлізінің 129 шақырымы Қазалы ауданының аумағынан өтеді. Бұл Қазалы ауданының транзиттік маңыздылығын арттыруымен қоса, агро және индустриялық өнімдерді экспортқа шығару, шағын және орта бизнеске жаңа нарықтар ашуда. Осы ретте, аудан әкімі аудан аумағынан өтетін автодәліздің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы аудан экономикасын әртараптандырып, автодәліздің инвестициялық тартымдылығын арттырудағы жұмысты күшейту керектігін айтты. Соған сәйкес, жауапты орынбасары мен тиісті сала басшысына іс-шаралар жоспары мен осы бағыттағы



жұмыстарды жандандыруды тапсырды. Сондай-ақ, жұмыс жоспарына сәйкес, аудан аумағынан өтетін автодәліз бойын аралап көріп, жол бойында орналасқан қызмет көрсету орындарын, нысандардың тазалық жұмыстарын өзі көріп шығатынын ескертті.

Ал, мәжілістің күн тәртібіндегі екінші мәселе - қоршаған ортаны қорғау, оның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жұмыстары бойынша ауданда басталған жобаларды тезірек нәтижелі

жүзеге асыруды тапсырды. Бұл арқылы экологиялық жүктемені азайтып, қоқыс полигонына қажеттілікті төмендету, заңсыз полигондарды жоюға үлкен септігін тигізетінін айтты.

Мәжілісте кәсіпкерлік саласын дамыту мәселесі де қаралып, көрсеткіштерді жоғарылату, кәсіпкерлік нысандардың аумағы мен сыртқы келбетінің абаттандырылуы, тазалығына байланысты тиісті сала басшылары мен қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне қатаң тапсыр-

малар жүктелді. Бұдан бөлек, ауданның макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша жыл қортындысымен барлық сала бойынша оң динамика қалыптастыру, жұмыстарға бақылауды күшейту жөнінде тапсырмалар берілді.

Мәжілісте аудан әкімі мерзімді әскерге шақыру мәселесіне байланысты сөз қозғап, жауаптылар мен барлық әкімдерге белгіленген межені толық орындап шығуды ескертті.

Мәжіліс соңында Алмас-бек Әбілқасымұлы Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде қолға алынған тазалық акциясы аясындағы жұмыстардағы бірқатар кемшіліктерді атап көрсетіп, тазалыққа байланысты жауаптыларға қатаң ескертулер жасады.

Сөз соңында мәжілісте қаралған әрбір мәселе өзекті екенін айтып, берілген тапсырманы өз деңгейінде орындамағандарға заңдылыққа сәйкес қатаң шара қабылданатындығын ескертті.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТУ БАҒЫТЫНДА ҮШ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Биыл Қазалы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында жалпы құны 2,4 млрд. теңге болатын үш ауқымды жоба жүзеге асуда. Соның бірі – Әйтеке би

кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы жаңадан ашылған кварталдардағы нысандар мен тұрғын үйлерге берілетін электр энергиясының қуаттылығын арттыру мақсатында құрылған қосалқы стансасының құрылысы.

Аудан әкімі Әйтеке би кентінің аумағында салынып жатқан қосалқы стансаның құрылысын көріп, мердігер мекеме «Энергомера» ЖШС-нің жауапты өкілімен кездесті.

Қазіргі таңда қосалқы стансаның фундаменттік блоктары, 32 дана темір бетон бағаналары орнатылып, 4 шақырым ВЛ-35 кв әуе желісі, 110 метр қосалқы стансаны қоршау жұмыстары жүргізілді. Биылғы жылға қосалқы стансаның құрылыс жұмыстарына бөлінген қаржы толық игеріліп, құрылыс-монтаж жұмыстарының 45 пайызы орындалды.

Аудан басшысы қосалқы стансаның құрылысымен егжей-тегжейлі танысты. Егер қосалқы станса пайдалануға берілгенде кент пен қала арасындағы жаңадан тұрғызылған тұрғын үйлер тұрақты электр энергиясымен қамтылатынын айтты.

Сондай-ақ жоба бұл аумақтағы әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың электр қуатына деген сұранысын өтеп, инфрақұрылымды дамытуға елеулі серпін беретінін жеткізді.

Осыған сәйкес, мердігер мекеме мен тиісті сала басшыларына тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту бағытындағы жобаның сапалы әрі тезірек аяқталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, Қазалы ауданында бұдан бөлек, Қазалы қаласының электр желілерін толық жаңарту мен «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында Қожабақы ауылының электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылуда. Осы жұмыстардың нәтижесінде, аудан бойынша жыл соңына дейін электр желілерінің тозу деңгейін 69 пайыздан 67 пайызға төмендету жоспарланып отыр.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 45-ІНШІ СЕССИЯСЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезектен тыс 45-інші сессиясы өтті. Сессияға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, қала, кент, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлімдер басшылары және жеке кәсіпкерлер қатысты.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібінде «Қазалы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жеке-леген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы», «Орман қоры жерлерін елді мекен жеріне ауыстыру туралы» және «Қазалы ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» үш мәселе қаралды.



Сессияда аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы сөз сөйлеп, қаралған мәселелер тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуге, кәсіпкерлік ахуалды жақсартуға және елді мекендердің жер көлемін кеңейтуге тікелей ықпал ететін маңызды мәселелер екенін жеткізді.

- Сессияда қаралған аудан бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендету туралы шешім кәсіпкерлікті дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған өте орынды әрі

уақытылы шешім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлік субъектілеріне барынша жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырған болатын. Салық мөлшерлемесін төмендету – кәсіпкерлерге жасалған үлкен қолдау. Бұл ауданымызда шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жалпы экономикалық белсенділіктің артуына ықпал етеді, - деді аудан басшысы.

Сессияда жеке кәсіпкер Алтынкүл Құрақбаева сөз сөйлеп, кәсіпкерлер үшін салық мөлшерлемесі 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілгені үшін рахмет айтып, бұл кәсіпкерлер үшін үлкен көмек екенін жеткізді.

Сессия соңында депутаттардың дауысқа салу қортындысымен тиісті шешімдер қабылданды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН КӘСІПКЕРЛІК БАҒЫТЫНДАҒЫ НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке бикентіндегі ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бағытындағы нысандардың

түйе малын өсірумен айналысып келеді. Қазіргі таңда шаруашылық қарамағында 401 айыр өркеш түйе, 616 қазақтың



жұмысымен танысты.

Аудан басшысы алдымен Әйтеке би кентінің шет аумағында орналасқан Есет Серімов жетекшілік ететін «Жеңіс» шаруа қожалығына барды. Қожалық 2000 жылдан бүгінге дейін жылқы және

жабы жылқысы бар. Бүгінде шаруашылық түйе малының сүтінен әзірленетін шұбат өндірумен тұрақты түрде айналысып келеді.

Аудан әкімі шаруа қожалығының бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып, шаруа

қожалығын кооперативке айналдыру, субсидия мәселелері бойынша пікір алмасты.

Аудан басшысы шаруа қожалығынан кейін, Әйтеке би кентінде орналасқан жеке кәсіпкер Төребек Игіліковтың балық өңдеу цехына барды. Кәсіпкер цехтағы өнім өңдеуге арналған, соңғы үлгідегі технологиялық жабдықтармен таныстырып, бүгінгі күннің талабына сай екендігін жеткізді.

«Игіліков Т» шаруа қожалығы – 2006 жылдан бастап балық шаруашылығымен айналысып келе жатқан іргелі кәсіпорын. Су маржандарын мұздатқышта сақтап, балық өнімдерін Дания, Белоруссия, Грузия және Ресей мемлекеттеріне экспорттап отыр. 20-дан астам адам жұмыспен қамтылған. Цехтан тәулігіне бір тоннадан астам балық өнімдері шығарылады.

Аудан әкімі кәсіп иесімен өндірісті кеңейту, өнім сапасын арттыру, экспортқа шығару бойынша сөз қозғап, кәсіпкерлік саласын дамытуға бағытталған

мәселелерді талқылады.

Алмасбек Әбілқасымұлы мұнан кейін жеке кәсіпкер Ағниет Бауыржанның «BAURZHAN PLAST» пластикалық есік, терезелер шығаратын цехында болды. Бүгінде өндіріс орнынан шығарылатын пластик есік, терезелер ауданымыздағы құрылыс саласында үлкен сұранысқа ие. Мұнда пластикалық есік-терезелердің заманауи үлгідегі түрлері де шығарылуда. Кәсіпкер бүгінде 15 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Аудан басшысы ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік бағытындағы мұндай жобалардың ел экономикасының дамуына, халықты жұмыспен қамтуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосар үлесі зор екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан мұндай жобаларға тиісті қолдау көрсетілетіндігін жеткізді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қоғамның назарын, соның ішінде мүдделі жұртшылықты, келесі қала құрылысы жобасының материалдарын қарабойынша қоғамдық талқылаулар (тыңдаулар) өткізілетіні туралы хабардар етеді: «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласының Әйтеке би кентімен біріктірілген бас жоспардағы 76 га аймаққа егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу»

Қоғамдық тыңдауларға қатысуға ниет білдірген азаматтардан «Қазалы ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне алдын ала хабарласуды сұраймыз.

Байланыс телефоны: 8 724 38 79-2-80 (6993)

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 18 желтоқсан, сағат 11:00-де төмендегі мекенжай бойынша өтеді: "Әйтеке би кенттік мәдениет үйі" МКҚК. Ж.Аймауытов көшесі 68.

Жобаны әзірлеуші:

ТОО Проектный институт «Казгипроград» 1
телефон – 8 (727)279-00-89
e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное Государственное учреждение «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных обсуждений (слушаний) по рассмотрению материалов градостроительного проекта: «Разработка проекта детальной планировки на площади 76 га в генеральном плане кента Айтеке би объединенного с г. Казалинск Кызылординской области»

Желающих участников просим заблаговременно обратиться в государственное учреждение «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района» по телефону: 8 724 38 79-2-80 (6993)

Общественные слушания состоятся в 11 ч. 00 мин. 18 декабря 2025 г. по адресу: «Дом культуры поселка Айтеке би» ГККП, ул. Ж. Аймауытова, 68.

Разработчик проекта:

ТОО Проектный институт «Казгипроград» 1
телефон – 8 (727)279-00-89
e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Ғани Мұратбаев ауылдық округі – Қазалы өңіріндегі еңбегімен елге танылған, талай ардақты азаматтарды қанат қақтырған қасиетті мекен. Бір кездері бірнеше ұсақ шаруашылықтар бірігіп, үлкен күшке айналған ауыл бүгінде әлеуметтік, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және инфрақұрылым бағытында қарқынды дамып келеді.

Халқының ауызбіршілігі мен еңбекқорлығының арқасында ауыл жыл сайын жаңарып, жаңа жобалар іске қосылып, тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсаруда. Осы және басқа да маңызды мәселелер туралы білмек болып, Ғани Мұратбаев ауылдық округінің әкімі Абай Рыстығұлмен сұхбаттасқан болатынбыз.

– **Ауыл тарихының бастауына үңілсек, қазіргі Ғани Мұратбаев ауылының қалыптасуы бірнеше колхоздың бірігуімен тығыз байланысты. Сол кезеңдегі өзгерістер жөнінде айтып өтсеңіз?**

– Бүгінгі Ғани Мұратбаев аулы бір кездері «15 жылдық Қазақстан» колхозы аталған. 1950 жылдары аудан, облыс басшылығының шешімімен ұсақ шаруашылықтар біріктіріліп, Молотов, «Дихан», Калинин және «15 жылдық Қазақстан»

отбасында туған Ғани – елге танылған көрнекті қайраткер. Ол жастайынан еңбекке араласып, қазақ жастары қозғалысының жетекшілерінің біріне айналды.

– **Ауылдың бұрынғы еңбек даңқы туралы да көп айтылады. Сол кезеңнің басты жетістіктерін атап өтсеңіз?**

– Иә, ауылдың тарихы – маңдай термен жазылған еңбек шежіресі. Бір кездері шаруашылық аудан көлемінде ең алдыңғы қатарлы колхоздардың бірі болды. 1000–1500 гектар күріш егіліп, гектарынан 50–100 центнерден өнім алынды. Мал шаруашылығы қарқынды дамып, 30–32 мың қой, 3000 сиыр, 1500 жылқы, 700–800 түйе өсірілген. Колхоздан аты елге белгілі еңбек майталмандары шықты. 1948 жылы әр гектардан 86,7 центнерден өнім алған Оразалиева Көлжан – Социалистік Еңбек Ері атанып, Ержанова Орынкүл – екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болды. Елешов Бердібай, Іскендіров Көбейсін, Қалдыбаев Оңалбай халық қалаулылары атанды.

– **Бүгінгі күні ауылда қандай әлеуметтік нысандар халыққа қызмет көрсетуде?**

– Қазіргі таңда округте: 320 орындық орта мектеп, 90 орындық «Балдәурен»

бөбекжай-балабақшасы, дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. 21 930 кітап қоры бар кітапхана қызметі оқырмандарға арналған. Ауылдық мәдениет үйі, «Қуандық әулие» мешіті, ветеринариялық пункт, 6 сауда дүкені мен пошта бөлімшесі тұрғындарға қызмет көрсетуде.

– **Соңғы жылдары ауылда қандай ірі жобалар жүзеге асты?**

– Ең үлкен жаңалық 2020 жылы басталған жоба толық аяқталып, тұрғындар алғаш рет табиғи газбен қамтылды. Бұл жұмысқа «Юггазпроект» ЖШС директоры Жылқайдар Тәңірбергеновтің қосқан үлесі зор. Жобалық-сметалық құжаттарды өз қаржысына дайындап берді. Сонымен қатар, балабақша фасады жаңартылды, «Ақарық» каналының 3,9 шақырым арнасы тазаланды. Аяқ су мәселесі толық шешілді. Халыққа бау-бақша егу үшін 14 гектар жер берілді.

– **Кәсіпкерлік саласы қалай дамып келеді?**

– Қазіргі уақытта ауыл кәсіпкерлерінің белсенділігі 100 пайыз. Халықтың кәсіп ашуға деген ынтасы жоғары, жаңа нысандар мен шаруашылықтар көбейіп келеді.

– **Инфрақұрылым және жол мәселелерінде атқарылған жұмыстар жөнінде айтсаңыз?**

– Округте 17 көше бар, ұзындығы 11,180 шақырым. 13 көшеге асфальт төселіп, 8 көшеге түнгі жарықшам орнатылған. Қалған көшелер бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына ұсынылады. Жаңадан 3 көше салынуда. Электр желісі толық аяқталды, ауыз су және газ құбырлары тартылуда.



Кәсіпкерлік мақсатта 20 гектар жер беріліп, 4 азаматтың өтініші қаралуда.

– **Ауылды абаттандыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?**

– Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында «Әйтеке би – Ғ.Мұратбаев» жолының бойындағы 5 гектар жасыл аймаққа 6000 түп ағаш егілді. «Орталық саябақ», «Атамекен» алаңы, «Ғани» және «Тәуелсіздік» бақтарына 1500-ге жуық көшет отырғызылды.

– **Жол қатынасы мәселесі қалай шешілген?**

– Аудан орталығына қоғамдық көлік күніне 6 рет қатынайды. Сонымен қатар, 4 жеңіл автокөлік иесі патент негізінде жолаушылар тасымалымен айналысады. Яғни, қатынас мәселесі толық шешілген.

– **Ауыл жастарының ахуалы қандай?**

– Округте 452 жас бар, бұл жалпы тұрғындардың 27,1 пайызын құрайды. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 9 жас маман тұрғын үй алып, 1 жас маман кезекте тұр. Алдағы уақытта округтің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін одан әрі көтеру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады. Біз үшін ең маңыздысы — тұрғындардың әл-ауқаты мен ауылдың тұрақты дамуы. Сол себепті барлық салада ашықтық пен тиімділікті басты назарда ұстаймыз. Жоспарланған жобалар өз жемісін беріп, ауылымыздың өркендеуі жолында бірлесіп еңбек ете береміз деп сенемін.

– **Әңгімеңізге рахмет! Жұмыстарыңызға табыс тілейміз!**

Ұлпан
ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»



колхоздары қосылып, «30 жылдық Қазақстан» колхозы құрылды. Кейін Карл Маркс, Ленин және Ғани Мұратбаев атындағы колхоздар біріктіріліп, алғашқы төрағасы Наурызбаев Қали болды. Кейін бұл қызметті Кішкенебаев Қожақ атқарды. 1958 жылы екі шаруашылық қайта бірігіп, бүгінгі Ғани Мұратбаев атындағы ірі колхоз қалыптасты. Ауылдың Ғани Мұратбаев есімімен аталуы тегін емес. 1902 жылы осы өңірде, Мұратбайдың



КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ

Құқықтық мемлекет құрудағы ең маңызды институттардың бірі – сот жүйесі. Сот билігінің тиімділігі азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша әділ шешімдердің уақытылы әрі заңға сай шығарылуына байланысты. Осы тұрғыда кассациялық соттар ерекше рөл атқарады. Олар төменгі сатылы соттардың шығарған шешімдерінің заңдылығын қадағалап, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етеді.

Кассация – сот актілерінің заңдылығын тексеруге бағытталған жоғары сатыдағы сот бақылауы. Бұл кезеңде іс бойынша дәлелдемелер қайта қаралмайды, оның мән-жайы қайта зерттелмейді. Кассациялық соттың басты міндеті – төменгі сатыдағы соттардың:

құқық нормаларын дұрыс қолданған-қолданбағанын, іс жүргізу тәртібінің бұзылуын, материалдық құқық нормаларын бұрмалау не дұрыс түсіндірмеу жағдайларын анықтау.

Осылайша, кассация сот қателіктерін түзететін, сот тәжірибесін стандартизациялайтын әділдік кепілі болып табылады.

Қазақстанның сот жүйесінде кассациялық сатыны:

Жоғарғы Соттың кассациялық алқасы, облыстық және оған теңестірілген соттардың кассациялық алқалары құрайды (Қазақстандағы нақты құрылым өзгерсе – оны да қосып бере аламын).

1. Төменгі сатыдағы соттардың шешімдері мен үкімдерінің заңдылығын тексеру.

2. Сот актісін өзгерту немесе күшін жою.

3. Қайта қарауға жіберу туралы қаулы шығару.

4. Құқық нормаларын қолдану бойынша түсіндіру сипатындағы қағидалар

қалыптастыру.

Кассациялық сатыға жүгіну тәртібі.

Кассациялық шағым немесе наразылық беру үшін:

1. Апелляциялық сатыдан өту қажет (кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда).

2. Шағым белгіленген мерзімде, заңда көрсетілген талаптарға сай болуы тиіс.

3. Шағымда нақты заң бұзушылықтар көрсетілуі қажет.

Кассациялық сот шағымды қағаз жүзінде ғана емес, электрондық форматта да қабылдайды, бұл халыққа қолжетімділікті арттырады.

Кассациялық соттардың жұмысының ерекшеліктері.

Дәлелдемелер қайта зерттелмейді, сол арқылы сот талқылауы қысқа мерзімде өтеді.

Шешім шығару барысында тек заң нормаларына талдау жасалады.

Сот тәжірибесінің бірізділігін қалыптастыру үшін нормативтік қаулылар қабылдануы мүмкін.

Кассациялық соттардың шешімдері құқықтық жүйеге бағыт-бағдар береді және алдағы істерге үлгі болады.

Кассациялық соттардың маңызы.

Кассациялық саты:

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға,

сот қателіктерін дер кезінде түзеуге,

заңдарды дұрыс әрі біркелкі қолдануға,

сот жүйесіне деген сенімді

Кассациялық соттар – әділ сот төрелігінің маңызды буыны. Олар сот жүйесіндегі заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, құқықтық саясаттың жетілдірілуіне де әсер етеді. Осы институттың тиімді жұмысы – құқықтық мемлекет дамуының басты көрсеткіштерінің бірі.

Серік БЕРТАЙ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың институционалдық жәһәне ұйымдастырушылық негізі болып табылатын қоғамдық-саяси феномен. Қоғамның тұрақтылығы, экономикалық даму деңгейі және әлеуметтік саясаттың тиімділігі мемлекеттік қызметтің сапасы мен кәсібилігіне тікелей тәуелді. Сондықтан қазіргі басқару ғылымында мемлекеттік қызметті реформалау, кадрлық әлеуетті күшейту, мемлекеттік аппараттың ашықтығы

мен есептілігін арттыру мәселелері өзекті болып отыр. Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары:

- заңдылық пен құқықтық тәртіп,
- меритократия және кадр таңдауда әділдік,
- қоғамға есептілік,
- саясибейтараптық,
- адалдық және этикалық нормалар,
- бәсекелестік пен кәсібилік.

Бұл қағидаттар мемлекеттік басқарудың институционалдық беріктігін қамтамасыз етеді.

Бағалау көрсеткіштері: Тиімділікті бағалау

ғылыми тұрғыда келесі индикаторларға сүйенеді:

- басқарушылық шешімдердің сапасы,
- азаматтардың қанағаттану деңгейі,
- бюджеттік ресурстарды тиімді пайдалану,
- инновациялық шешімдерді енгізу қарқыны,
- кадр тұрақтылығы мен кәсібилігі.

Г.МЫРЗАХАНОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызметқызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «Өрт сөндіруші-құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі органдарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады. Академияның күндізгі оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдермей өткен аза-

маттар қабылданады. Академияда күндізгі оқу факультетінің оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметке теңеледі. Академияның курсанттары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға түсуші үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 мекен-жайдағы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8(72438)-22-1-51 байланыс телефонынан біле алады.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.